Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

20 қараша сенбі
№92 (1794)
2021 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

БРИФИНГ

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ

Осы аптаның бейсенбісінде ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова баспасөз мәслихатын өткізіп, Мемлекет басшысының Жолдауы аясында аймақта атқарылып жатқан жұмыстарды саралады.

Аймақ басшысы Тәуелсіздік жылдары және Жолдау аясында атқарылған жұмыстарға тоқталып, негізгі тірек салалардағы даму көрсеткіштерін баяндады.

– Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың стратегиялық бағыттағы тапсырмаларына сәйкес Тәуелсіздік жылдары өңір экономикасына 4 трлн теңгеден астам инвестиция тартылды. Жалпы өңірлік өнімдегі өнеркәсіп өндірісінің үлесі 1991 жылғы 11 пайыздан 30 пайызға дейін, ал ауыл шаруашылығының үлесі соңғы 10 жылда 3,9 пайыздан 6,3 пайызға дейін артты. Күріштің өнімділігі мен жалпы алынған өнімі бүгінде 1991 жылғы көрсеткіштерден 1,5 есе өсті. Өңіріміз жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің санының өсу қарқыны бойынша елдегі үздіктердің қатарында. Атап айтқанда, биыл 9 айда өнеркәсіп өнімі өндірісі 0,5%, оның ішінде өңдеу саласы 12,6%, ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі 2,3% өсті. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 6,6%, құрылыс жұмыстары 2,4% өсіп, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 3,5% артты, – деді аймақ басшысы.

2 БЕТТЕ

#qazaqstan30

ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ: АЛҒАШҚЫ ОНЖЫЛДЫҚТАҒЫ СЫР ЕЛІ

Жыл өткен сайын тарихтың қатпары қалыңдай береді. Уақыт жүйрік деген осы... Қарап отырсақ, еліміз тәуелсіздік алып, өз алдына дербес мемлекет атанғаны кеше ғана еді. Бүгін міне, 30 жыл толып отыр. Бұл кезең қазақ елі үшін алтын ғасырға тең жылдар десек, артық айтпаймыз. Осы жылдар ішінде еліміз бірілігі мен берекесі жарасқан мемлекетке айналды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мен қазіргі кезеңді салыстыруға әсте келмейді. Өйткені екі уақыттың арасы жер мен көктей. Бүгінде заң да, заман да, қоғам да өзгерді. Ол кезде құлдыраған экономика, әлсіреген әлеуметтің жағдайы сол кездегі жас мемлекеттік халқы мен басшылары үшін үлкен сынақ болғаны анық. Десе де қандай қиындық кездессе де, сан түрлі тығырықтан жол тауып, Қазақ елі алға қарыштап қадам басты. Осындай кезеңде ел тізгінін ұстаған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев елді тығырықтан алып шықты. Бұл ретте еліміз таңдауды дұрыс жасай білді деуге толықтай негіз бар. Атап айтсақ, 1991 жылғы 1 желтоқсанда елдің тілегімен, халықтың қолдауымен Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің Тұңғыш Президенті болып сайланды. Осылайша тәуелсіз мемлекетті басқару міндетін мойнына алған Елбасының қиындыққа қарсы тұратын табандылығы ел арасында жоғары бағаланды.

3 БЕТТЕ

«TEN QOGAM» ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Қала әкімдігі мен қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және хал актілерін тіркеу бөлімінің қолдауымен өмірлік қиын жағдайдағы мүмкіндігі шектеулі немесе өздері жарымжан, көп балалы, тұрмысы төмен отбасыларына әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында «Ten Qogam» әлеуметтік қолдау орталығы ашылды.

2 БЕТТЕ

Баспасөз-2022

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Міне, баспасөзге 2022 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу басталды.
Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!
Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:40-05-81, 70-14-08

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

Қараша алаң көңілмен басталды. «KEGOC» АҚ компаниясының сайтында 4 қарашада электр энергиясын шектеу туралы ақпарат жарияланды. Шектеуден Сыр өңірі де тыс қалған жоқ. Алайда облыс көлемінде электр энергиясын тұрақты беру мәселесі шешімін тауып, шектеу алынып тасталды. Жалпы жұртқа енді жарық сөнбейтіні айтылып, мәселе шешімін тапқаны хабарланғанмен, бұл тақырып әлі де өзекті қалпында. Электр энергиясының жетіспеушілігі бір өңірдің ғана емес, мемлекеттің, тіпті әлемнің проблемасы екені даусыз.

ЖАРЫҚ БІР КҮННІҢ МӘСЕЛЕСІ ЕМЕС

Бір күндік мәселеге жатпайтын электр энергиясының жетіспеушілігінің жайын тарқатып көрдік...

Шектеу неден шықты? Электр тарату компаниясының жариялаған ақпаратына сүйенсек, бұл электр энергиясын тұтынудың жоғары қарқынымен байланыстырады. Санмен сөйлетсек, биылғы 10 ай ішінде өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда тұтыну көлемі оңтүстік аймақ бойынша 11,6%-ке, солтүстік аймақ бойынша 5,7%-ке және батыс аймақ бойынша 7,5%-ке артқан. Ең жоғары жүктеме сағаттарында қуатты тұтыну өткен жылғы мәннен 1500 МВт-тан асып тұр. Тұтынудың осылайша ауытқымалы өсуі ең алдымен цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұтынушылар үлесінің артуына байланысты. Сондай-ақ компания бүгінде электр станцияларындағы энергия қондырғыларының едәуір бөлігі апаттық және жоспардан тыс жөндеуде тұрғанын атады.

4 БЕТТЕ

БІРЛІГІ БЕРІК ЕЛДІҢ ТІРЛІГІ ТҮЗУ

Тәуелсіз Қазақстан көпұлтты мемлекет ретінде әлем алдында үлкен беделге ие. Бұл ұлтаралық татулығымызды айшықтап тұр. Бірлік – кеседегі су секілді, шайқай берсең бір тамшысы да қалмай шашылып төгіледі. Оны басынан өткерген елдер ғана біледі. Бауырмалдық қанымызда бар қасиет. Осы ізгі ілтипаттығымыздан болар қоныс аударып келген барлық ұлттарды жатсынбай жанымызға тартып, бір нанды бөліп бердік. Кеңес заманында аш жалаңаш жазықсыз жер аударылған жұртта есеп жоқ еді. Атарбамен апталап, тіптен айлап жол жүріп келген жанда қандай қажыр, қайрат болсын. Шаршап, шалдығып, ішерге ас, киерге киім таппай тарығып келгендерге танымаймын деп тіксінбей туыстық құшағын ашқан да осы қазақ. Уақыт өтті. Заман өзгерді. Ұрпақ ауысты. Есейіп ержетіп, еңбекпен жетілді. Бұл кешегі алмағайып заманда тұма тарихтың тақсіретін бастан өткерген жандардың жанжарасы болатын. Ол күнді құдай енді қайтіп көрсетпесін. Бұл – бүгінгідей бейбіт өмірдегі барша бауырлас елдердің ортақ тілегі.

– XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласына қоныс тепкен этнос өкілдері Қазақстан мемлекетін тарихи Отаны санайды. Барлық өзге ұлт өкілдері қазаққа қарыздар. Менің әкем «Жер ауып келгендерді әр елді мекенге бөлгенде мүлік, азық қоры мүлде болмаған. Осындай кезде өзі асқа жарымай отырып, шиеттей бала-шағаның аузынан жырып, бір нанды бөлісіп жеді. Бұған дейін қазақ дегенді еміс-еміс естігеніміз болмаса, көз көрмеген ұлттық рухы мықты халық туралы бейхабар жандар мына жанашырлыққа жүрегі шыдамай, жанарларына жас алғанын көрдім. Жергілікті тұрғындар зорлықпен көшіп келгендерге қолынан келген көмегін аямады» деп айтып отыратын. Түрлі тағдырмен келгендер Қазақстаннан тұрақты мекен тапты. Қазақтар ешкімді жатсынбады, барлығын бауырына басты. Мен өзімді Қазақстанның байырғы тұрғынымын деп есептеймін. Бауырмал халқы, ел қорғаған батырлары мен дуалы ауыз билері бар қазақ елінде туып-өскенімді мақтан тұтамын. «Жақсылық ағаш басында, жамандық аяқ астында» деген халық даналығы бар. Ырыс пен ынтымақ қылыштай өткір, гүлдей нәзік болып келеді. Оның қадірін түсірмей түсіну керек. Сонда ғана бағындырар биігіміз бәсеңдемейді, – дейді облыстық түрік этномәдени бірлестігінің жетекшісі Гүльчин Ансерқызы.

Ауызбіршілік пен түсіністік үстемдік құрған жерде татулық тұрақтайды. Қазақстанда қалыптасқан халықтар достығы – мемлекетіміздің басты жетістігі. Оны көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Сыр өңірінде 30 этнос өкілі мен 11 этномәдени бірлестігі жемісті жұмыс атқаруда. Оған негіз болатындай облысымызда ынтымағы жарасқан ұлт өкілдері дәлел. Бұл тәуелсіз Қазақстанның ең қастерлі құндылығы, ажырамас асыл бөлігі.

Т.ШАЙДУЛЛАҰЛЫ

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ

Биыл 2408 пәтерлік 110 тұрғын үйдің құрылысы жүруде, оның ішінде Байқоңыр қаласында 250 пәтерлік 5 тұрғын үй бар. Жыл аяғына дейін 1608 пәтерлік 94 тұрғын үй пайдалануға берілетін болады.

Аймақ экономикасына, оның ішінде өңдеу өнеркәсібіне тартылған инвестиция көлемі 2,6 есе артқан.

Баспасөз конференциясында облыс әкімі өнеркәсіп саласында атқарылған жұмыстарға тоқталды. Индустрияландыру бағдарламасының үшінші бесжылдығы аясында биыл құны 45 млрд теңгені құрайтын, қолданысқа түскенде 500-ге жуық жұмыс орны ашылатын 4 жобаны іске қосу жоспарланған. Олардың қатарында Қызылорда қаласындағы шыны зауыты да бар. Сонымен қатар Жаңақорған ауданындағы «Шалқия» кен орнында тау-кен байыту комбинатының және Арал ауданында кальцийленген сода зауытының құрылысы басталмақ. Шиелі ауданында «Баласауысқандық» ванадий кен орнында осы жылдың желтоқсан айынан бастап ферромолибден өнімі өндіріледі. Мұнымен қоса, Қызылорда облысының 2023 жылға дейінгі экономикалық даму картасы аясында қой, сиыр және жылқы етінен жасалған консервілер, күріш, қарақұмық ботқасы, жантақ балы, қауыннан жасалған чипсы және тағы басқа азық-түлік өнімдері өндірілуде.

Өңірде ішкі нарықты өз өнімдерімен толықтыру мақсатында 2% несиелеу бағдарламасы іске қосылды. Осы мақсатқа облыстық бюджеттен 400 млн теңге бөлінген.

Облыс басшысы су деңгейінің тартылуына байланысты суды үнемдеп, тиімді пайдаланудың жолдарын атап өтті.

– Мемлекет басшысының Жолдауына сәйкес жалпы көлемі 775 млн текше метрді құрайтын Қараөзек су қоймасын салу басталады. Біздің мақсат суармалы сумен байланысты проблемаларды ескере отырып, ауыл шаруашылығы өндірісін, әсіресе, егіншілікті әртараптандыруды және су ресурстарын тиімді пайдалану, – деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ Жолдауға сәйкес 2025 жылға дейін республика бойынша қайта жаңғыртылатын 120 каналдың 21-ін Қызылорда облысында жүзеге асыру көзделіп отыр.

Құрғақшылық салдарынан Арал ауданында малдың жаппай қырылғаны белгілі. Суармалы судың жетіспеуіне байланысты төтенше жағдай жарияланып, жедел шаралар нәтижесінде жағдай тұрақталды. Малшыларға көмек ретінде жем-шөппен қамтамасыз етуге, сондай-ақ су мәселесін шешуге, жайылымдарды, шабындықтарды суару және көл жүйелерін суландыру мәселелерін шешуге 600 млн теңге бөлінді.

Аралдағы төтенше жағдайға байланысты меценат Болат Өтемұратовтың қорынан 280 млн теңге қаржы бөлініп, Қостанай және Ақтөбе облыстарынан қажетті жем қоры тасымалданды. Сонымен қатар Ақтөбе облысының Ырғыз ауданынан 15 мың гектар жайылымдық жерді 5 жылға жалға алу жөнінде келісім жасалып, осы жылдың 30 қыркүйегінде Арал ауданы мен Ырғыз ауданы әкімдіктері екі жақты меморандумға қол қойды.

Аймақта биыл күріш егісі 89 мың гектардан 83 мың гектарға дейін қысқартылған. Су тапшылығына қарамастан өткен жылғы деңгейде 500 мың тонна өнім алынып, орташа өнімділік 59,8 ц/га құрады.

Баспасөз конференцияда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар да баяндалды. Жыл басынан бері облыстық бюджеттен 3124 тонна өнім сатып алуға 900 млн теңге бөлінді. Сондай-ақ айналым схемасы бойынша қарыз қаражаты берілген. Бүгінгі таңда әлеуметтік маңызы бар тауарларға баға индексі орташа республикалық деңгейден аспайды. Жыл бойы тұрақты түрде 36 ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізілді.

Өңірде жұмыссыздық деңгейі 4,9% құрайды. Жыл басынан бері 27 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды, оның 14114 тұрақты. Жұмыспен қамту орталықтары арқылы 849 мүмкіндігі шектеулі адам жұмыспен қамтылған.

Аймақ басшысы өңірдегі коронавирустық инфекцияны тежеу бағытындағы тұрғындарға вакцина салу жұмыстарының қарқынын да тілге тиек етті.

– Бүгінгі күні вакцинациялауға жататын облыс тұрғындарының 86,2% вакцинаның бірінші компонентін алса, 72,5% екінші компонентін алды. Жыл басынан бері егу кабинеттерінің саны 34-тен 106-ға дейін артты. Pfizer вакцинасын егуді 15 қарашадан бастадық. Бүгінде 23 400 дозасы өңірге жеткізілді. Талаптарға сәйкес 2 мұздатқыш камера сатып алынды, жақын арада тағы 10 камера мен 20 термоконтейнер жеткізілетін болады. Барлығы 97 мың доза жеткізу көзделіп отыр. Дәрі-дәрмекке қатысты мәселе жоқ, – деді облыс әкімі.

Қызылорда өңірінде әлеуметтік мәселелер де шешімін тауып келеді. Бүгінде облыс халқының 97% орталықтандырылған сумен, 65% табиғи газбен қамтамасыз етілген. Жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі жыл аяғына 75% дейін жеткізіледі. Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы саласында «Халық қатысатын бюджет» жобасы қарқын алуда. Қала аумағын суару және көгалдандыру жобасы жүзеге асырылды, тағы 2 жоба жүзеге асырылады деп күтілуде.

Облыс басшысы апатты мектептерді жою мен жаңа нысандарды салу бағытындағы жұмыстарға тоқталды. Елбасының тапсырмасына сәйкес биыл Қызылордада колледж студенттері үшін 475 орындық 3 жатақхана ашылды. Сонымен қатар 1 қыркүйекте 748 орындық 3 мектеп пайдалануға берілді, оның ішінде 2 жеке меншік мектеп бар. Жыл соңына дейін 900 орындық тағы 2 мектеп тапсырылады деп күтілуде. Оның біреуі апаттық мектептің орнына беріледі. Мемлекеттік жекеменшік әріптестік аясында бұқаралық спортты дамыту мақсатында 7 спорт кешені пайдалануға берілді, 6 спорт кешенінің құрылысы жалғасуда.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес облыста 2156 баланы қамтитын мемлекеттік спорттық тапсырысты қаржыландыруды 2021 жылғы 212 млн теңгеден келесі жылы 4312 бала үшін 638 млн теңгеге ұлғайту жоспарлануда.

Сонымен қатар мемлекеттік шығармашылық тапсырыс шеңберінде 1522 баланы қамтитын үйірмелерге биыл облыстық бюджеттен 100,1 млн теңге қаржы бөлінсе, келесі жылы 2150 бала үшін бұл қаржы 301 млн теңгеге ұлғайтылады.

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында «Тұғыры биік Тәуелсіздік» атты республикалық ақындар айтысы, Сыр сүлейі Кете Жүсіп Ешниязұлының 150 жылдығына арналған «Жырлансын, Тәуелсіздік жыр бұлағы» атты жыршы-жыраулар байқауы өткізілді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде Сыр өңірі фольклоры антологиясының I томы «Жанқожа батыр» жарыққа шықты.

Биыл атақты күрішші, даңғайыр дихан екі мәрте Социалистік Еңбек Ері болған Ыбырай Жақаевтың 130 жылдығы аталып өтіліп, Жалаңтөс Баһадүрдің 445 жылдығы аясында Қазалы ауданында ескерткіш орнатылады. Сонымен қатар Бәбіш мола, Жанкент және Сығанақ қалашықтарына қазба жұмыстары жалғасуда.

Баспасөз конференциясының соңында аймақ басшысы журналистердің сұрақтарына жауап берді.

Басы 1-бетте

«TEN QOGAM» ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Салтанатты рәсімге қала әкімінің орынбасары Бектас Нұридинов арнайы қатысып, орталық жұмысына сәттілік тілеп, мүмкіндігі шектеулі жандардың құқықтарын қорғауға негізделген шаралар алдағы уақытта жалғасын табатындығын жеткізді.

Орталық қызметі «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» атты 2025 жылға дейінгі жол картасы аясында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде «Ten Qogam» әлеуметтік жобасымен жүзеге асуда. Мұнда өмірлік қиын жағдайда жүрген, тәрбиеленуінде мүмкіндігі шектеулі балалары бар немесе өздері де сол санаттағы тұрмысы төмен көпбалалы отбасылар орталық қызметіне жүгіне алады.

– Мұнда мүмкіндігі шектеулі кез келген тұрғын баруға болады. Орталықта шахмат, дойбы, балалар үшін ойыншықтар мен сурет салуға арналған тақталар бар. Арнайы асхана желісі де жұмыс істейді. Алдағы уақытта қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жалғасын таппақ. Сонымен қатар бұл орталықта құқықтық көмек көрсету, жұмысқа орналасу, өз ісін бастауда кәсіпкерлікке баулу, тұрмыстық және әлеуметтік дағдыларды үйрету мақсатында кеңес беріледі, – дейді «Альтаир – Бәбек» қоғамдық қорының директоры Жапырақ Ұзақбаева.

«Teń koğam» – ел бойынша мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған әлеуметтік қолдау орталығы. Өткен сенбіде мұнда «Мен өмірге құштармын», «Сен маған қымбатсың» тақырыптарында семинар тренинг өтті. Оған белгілі психолог Кенже Мұсаева келіп, қатысушыларға өзінің келелі кеңесін берді.

Орталыққа келгендердің бірі – Уәлихан Тасқара. Ол орталықтың әрбір шарасына белсенді қатысып жүр.

– Біз бұрын осындай орталық ашылса екен деп армандайтынбыз. Аллаға сансыз шүкір айтамыз. Енді осында жиі бас қосып, пікір алмасып отырамыз. Уақытты тиімді өткізуге таптырмас мүмкіндік болды. Біздің мұң-мұқтажымызды елеп-ескеріп, қолдау көрсеткен ел ағаларына айтар алғысымыз шексіз, – дейді I топ мүгедегі Уәлихан Тасқара.

Орталықта өткен шаралардың бірі – шахмат сайысы. Барлығы 8 талапкер бақ сынаған жарыста ой алғырлығы мен икемділігі жоғары талапкерлер жеңімпаз атанды.

Тақта үстіндегі тартыста Нұрмұхаммед Әбілқасым жеңімпаз атанса, Раушан Жүсіпова мен Мереке Әлиев екінші, үшінші орындарды өзара бөлісті. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен естелік сыйлықтар табыс етілді.

– Бұл сайыстың маңызы жоғары деп айтуға әбден болады. Өйткені әлеуметтік ортаға бейімі зор бауырларымыздың бар ықыласымен ойнағаны байқалады. Жалпы шахмат сайысы қырағылықты, көңіл көкжиегінің кеңдігі мен тапқырлықты талап етеді. Осы үдеден танылған талапкерлер жақсы ойын өрнегін көрсетті. Бұл бағыттағы шаралар алдағы уақытта да жүйелі жалғасын тапса, үздік ойыншыларды үлкен сайыстарға қатыстыруға болады. Бүгінгі ойын барысында біз осыны байқадық, – дейді жарыстың бас төрешісі Нұрсұлтан Қайрақбайұлы.

Сондай-ақ «Қыз сыны» байқауына Ақмарал Нұрлиева, Ақерке Сейтмаханова, Әсия Сарқұлова, Зәуре Байоразова, Раушан Жүсіповалар қатысып, өзара бақ сынады.

«Таныстыру» бөлімінде әрбір талапкер өздерін жан-жақты көрсетіп, үздік шығуға талпынды. «Өз өнерін көрсету» кезеңінде бірі Абай шығармасынан үзінді оқыса, енді бірі ақын өлеңдерін жатқа айтты. Енді бірі қойылым көрсетіп, жарыс ажарын айшықтай түсті. Ал «Ас мәзірі» кезеңінде әркім қолынан келетін тағам түрін көрермендерге паш ете білді. Сайыс көрігін қыздырған «Қолөнер» кезеңі болды. Бір айта кетерлігі, көзі нашар көретін талапкерлердің тоқыма өнерін меңгергені қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Осы үй төсеніштері мен баланың бас киімі, тұрмыстық қолданысқа қажетті бұйымдар үлкен қолдау тапты. «Сән үлгісі» бөлімінде барлық қатысушы бірдей ұлттық киім үлгісін көрсетті.

«Қыз сыны» байқауына қалалық мәдениет үйі мен клубтары және халықтық ұжымдары МКҚК-не қарасты «Заңғар қоғамы» клубының меңгерушісі Сәрсенкүл Әбдіраманова, «Teń koğam» әлеуметтік қолдау орталығының жетекшісі Марат Аралбаев, журналист Тұрар Бекмырзаев қазылық жасады. Нәтижесінде барлық қатысушыларға арнайы алғыс хат табысталып, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

– Мемлекет басшысы қоғамда барлық азаматқа қолайлы жағдай жасау жайлы «Қарапайым заттар әсері» жобасын әзірлеуді тапсырды. Әр адамның өз мүмкіндігін жүзеге асыруға мемлекет қолдау көрсетеді. «Teń koğam» әлеуметтік қолдау орталығы Қызылорда қаласындағы мүмкіндігі шектеулі жандардың сұранысын қанағаттандыратынына сенеміз, – дейді «Teń koğam» әлеуметтік қолдау орталығының жетекшісі М.Жайылханұлы.

Осы топтағы азаматтарды кәсіпке баулу мақсатында әлеуметтік кәсіпкерліктің «Қарапайым заттар әсері» шеберханаларын 3 немесе 5 адаммен қамти отырып, аспаздық бағытында дамыту, кондитер өнімдерін әзірлеу, жартылай фабрикаттар дайындау, дастарханды әсемдеуді үйрету көзделуде. Сонымен қатар құрақ құрау, төсек жабдықтарын тігу, қолөнер бұйымдарын жасауға баулу да жоспарланған. Сондай-ақ жыл соңына дейін осы орталықта түрлі тақырыптарда іс шаралар өтпек.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ
Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

«ТАЛАПТЫҢ МІНІП ТҰЛПАРЫН»

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында көрнекті ағартушы Ыбырай Алтынсарин шығармашылығын насихаттауға арналған «Ұлы даланың дара тұлғасы» атты байқау өтті.

Білім мен біліктілік, талант пен талғам сынға түскен сайысқа қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы А.Өтегенова, №1 кітапхананың аға кітапханашысы Ш.Қанқожаева, «Жастар» театрының режиссері, жас актриса А.Әбдірахман қазылық етті.

Жарыс қорытындысында байқау талабына сай жоғары өнер көрсеткен №112 мектеп оқушысы Нұрбақыт Сейдахмет жеңімпаз атанды. Жүлделі екінші орынды №3 IT мектеп-лицейінің оқушысы Жансая Оңалова мен Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің оқушысы Дильназ Сағитжан бөлісті. Ал үшінші орынды №217 мектеп оқушысы Зере Әнуарбек, №176 мектеп оқушысы Дильназ Балтабай, №8 мектеп оқушысы Айдана Пердебай иеленді. Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы алғыс хаттармен марапатталып, естелік сыйлықтар табыс етілді.

Т.ШАЙДУЛЛА

ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ:
АЛҒАШҚЫ ОНЖЫЛДЫҚТАҒЫ СЫР ЕЛІ

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен болды. Кеңес одағының ыдырап, жоспарлы экономиканың нарықтық қатынастарымен ауысуы тұсында Қызылордада өнеркәсіп қуатын арттыруы тиіс көптеген өндіріс орындары жабылды. Сонымен қатар аграрлық экономикаға басымдық берілген облысымыздың ауылшаруашылығы тұралап қалды. Өтпелі кезеңнің қиындығы мен бағалардың ырықтандырылуы, өнеркәсіп өндірісі көлемінің төмендеуі, әлеуметтік сала қызметкерлері жалақысының бірнеше рет арттырылуы облыс бюджетін көбейтуге мәжбүр етті. Осылайша қаржы тапшылығының күрт ұлғаюына әкеліп соқтырды. Сондай сындарлы сәтте халықты кедейшілік шегіне жеткізбеу өзекті болды.

Тарих беттеріне үңілсек, Елбасы Н.Назарбаевтың алғашқы қол қойған құжаттарының бірі – 1991 жылғы 12 желтоқсандағы «ҚР халқын әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы» жарлығы. Осыған орай қала орталығында және аудандарда тұтыну тауарларын бақылайтын қоғамдық комитеттер құрылды. Нәтижесінде нарықтық экономикаға өту негізінде Қызылорда да жәрмеңкелер өткізу қолға алынды. Сондай-ақ әр жерден саудасаттықтың ашылуына қолайлы жағдай жасалды. Осылайша 1993 жылдың жаз айында Қызылорда қаласында 12 рет жәрмеңке өткізіліп, 10 миллиард сомға жуық өнім мен тауар сатылды.

Дәл осы жылы Қызылордада Арал мәселесіне арналған Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Қазақстан басшылары қатысқан халықаралық конференция өтті. Онда осы өзекті проблеманы шешу үшін арнайы қор құрылып, маңызды шешімдер қабылданды. «Арал – ғасыр қасіреті» атты халықаралық конференция қатысушылары мемлекет басшылары атынан Біріккен Ұлттар Ұйымына үндеу жолдады. Осылайша халықаралық Арал қорын құру жөнінде келісімге келді. Азиядағы ірі мемлекеттерді Аралды қорғау қозғалысына атсалысуға шақырған үндеу қабылданды. Аралды қорғау Халықаралық қорының төрағасы болып, Н.Ә.Назарбаев сайланды.

«Ақмешіт апталығы» газетінде жарияланған профессор Қазыбай Құдайбергеновтің «Елбасы қамқорлығындағы Сыр өңірі» атты мақаласында Арал проблемасын кеңінен жазылған.

– Алғаш Тәуелсіздік алған жылдары Елбасы Н.Назарбаев бүкіл әлем халқының назарын Аралға бұрды. Орталық Азия елдері басшыларын Арал мәселесіне байланысты Сыр өңіріне кездесуге шақырды. Бұл мәселихаттың маңыздылығына тоқталып, біздің күшіміздің бірлікте, Арал тағдыры тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл дүние жүзінің қасіреті екенін, оны қазірден бастап қолға алмасақ, келешекте кеш болатынын нақты дәйектермен түйіндеді. Көп ұзамай Аралды құтқару жөніндегі халықаралық қор құрылды. Арал үшін Елбасының талай бастамасына куә болдық. Аралдықтарға таза ауыз су келуінің ашылу салтанатына ол кісі де қатысты. Ол да бір тарихта қалатын күн. Аралға келген бұлақтың суынан алғаш дәм татқан Президентіміз «Мынадай таза да, дәмді су Қазақстанда жоқ» деген болатын. Сол таза судың рахатын қазір Арал мен Қазалының барлық елді мекендеріндегі тұрғындар көріп отыр. Ал 1997 жылдың 24 ақпанындағы «Арал аймағы қазақстандық бөлігінің қазбалар кен орнын игеру туралы» Президент Жарлығының шығуы Арал өңіріне соны серпін әкелгеніне ешкім дау айта алмас, – деді профессор.

Еліміз қандай қиындықты бастан кешірсе де халықтың денсаулығын сақтау мәселесін басты назарда ұстады. Дегенмен тәуелсіздік алған алғашқы жылдары медицина саласында біраз қиындықтар кездесті. Өйткені емханалар қысқарып, жалақы төмендігінен мамандар басқа салаға ауысып жатты. Сондай-ақ өңірде дәрі-дәрмек тапшылығы сезіліп, медициналық құралдар жетіспей жатты. Алайда экологиялық апат аймағындағы халықтың денсаулығын жақсарту мақсатында 1992 жылы облыстық диагностикалық кеңес беру орталығы іске қосылды. Осылайша Сыр медицинасынна серпіліс пен жаңашылдық келді.

Кеңес одағы кезеңінде басталып, аяқсыз қалған облыстық медицина орталығының құрылысын аяқтауға мән берілді. Осыған орай, Болгария үкіметімен қайта келісім жасалып, 1998 жылы ТМД елдерінде теңдесі жоқ орталық біздің өңірде ашылды. Ашылу салтанатына Елбасының өзі арнайы келіп, Сыр жұртшылығына тарту етті. Бұл медицина саласының әрі қарай дамуына даңғыл жол ашты. Сондай-ақ Қазақстан мен Жапонияның келісімі нәтижесінде облыстық медицина орталығына 3 млн 800 мың долларға құрал-жабдықтар грант түрінде әкелінді.

Бүгінде осы салада 40 жылға жуық қызмет істеген Құралбай Жүнісов қаншама адамның өміріне араша болған абзал жан. Ол медицинаның кешегісі мен бүгінгісін әсте салыстыруға келмейтінін айтады.

– Тәуелсіздік алғанға дейінгі және алғаннан кейінгі медицина саласының айырмашылығы жер мен көктей. Әрине, оған дейін де жаман болған жоқ. Десе де бұл саланың биік белестерді бағындырған кезі тоқсаныншы жылдардан кейінгі кезең. Мәселен, оған дейін медициналық құрал-жабдықтар тапшы болды. Сонымен қатар күрделі оталар еліміздің белді қалаларында ғана жасалды. Ал қазіргі кезде барлығы да түбегейлі өзгерген. Бүгінде әр өңір науқастың ауруын толық және дәл анықтап, күрделі оталарды өздерінде жасайды. Барлық ауруханалар мен емханалар медициналық құрал-жабдықтармен қамтылған. Қазір халыққа сапалы қызмет көрсетуге толық мүмкіндік бар. Бұрын дәрігерлер білімін жетілдіру үшін еліміздің ірі қалаларына баратын. Бүгінде біліктілігін шет елдерде арттырып, тәжірибесін одан әрі шыңдауда. Мұның өзі тәуелсіздік жылдарындағы жеткен жетістіктің бір парасы, – дейді дәрігер.

Сыр өңірі – облыстардың мәдени күндерін өткізудің бастамашысы болған біден-бір аймақ. Тәуелсіздіктің 5 жылдығына орай 1996 жылдың 6 қарашасында алғаш рет Алматыда Қызылорда облысының мәдениет пен өнер күндері өтті. «Тәуелсіздік жылдарындағы қол жеткен табыстарымызды бір ғана Қызылорда облысынан көруге болады» деген Елбасы Н.Назарбаевтың айтқан сөзі Сыр халқының

еселі еңбегінің бағасы. Тоқсаныншы жылдардан бастап халықтық көркемөнер ұжымдарының мәртебесін көтеру мақсатында 29 ұжымға атақ берілді. Бүгінде өңірде барлығы 63 халықтық ұжым жұмыс істейді. Ал 1999 жылы облыстық кітапханаға ақын Әбділда Тәжібаевтың есімі берілді. 2000 жылы Қорқыт ата мемориалдық кешені жанынан Қорқыт ата музейі ашылды. Қорқыт ата ескерткіші ең алғаш 1980 жылы аудан басшысы Е.Көшербаевтың бастамасымен салынған. Кешен бірнеше ескерткіштерден құралған. Ескерткіш авторлары – архитектор Б.Ибраев, С.Исатаев. 1997 жылы кешенде қайта жөндеу жұмыстары барысында амфитеатр, қонақ үй салынып, мемориалды кешенге айналды. 2000 жылы кешен құрылысы аяқталып, Қорқыт ата дәуірінің мәдениеті мен тарихы жайлы сыр шертетін музей ашылды.

Экономикалық құрылымы жағынан жылдар бойына аграрлық аймақ болған Сыр өңірі тәуелсіздік алған кезеңнен бастап мұнайлы аймаққа айналды. Дегенмен Қызылорда халқы кеніштерде есепсіз жанып жатқан ілеспе газды жылдар бойы тұтына алмады. Қызылорда қаласын газдандыру жобасы кейіннен қолға алынды. Қазіргі кезде облыс орталығы мен аудандар көгілдір отынның игілігін көріп отыр. Сонымен қатар «Қызылорда – Мәскеу» пойызы, облыстық теледидар іске қосылды. Өндірісте жаңа технология, егіншілікте тамшылатып суару сияқты шетел тәжірибесі пайдаланылды.

1996 жылы «Қызылорда арнайы экономикалық аймағы» құрылды. Оның бағдарламасы негізінде қалада жекешелендіру, акционерлендіру, инвестиция тарту секілді жұмыстар жүргізілді. Түрлі меншіктік жүйелер жасалып, шағын және орта бизнес кәсіпорындары мен мекемелер ашылды. Өнеркәсіп, сауда, байланыс қатынастары реттелді. Экономиканың жандануы мемлекет және қала бюджетіне түсетін қаржы сомасын арттырды. Біз тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға қысқаша шолу жасадық. Бұл жерде айтылмаған дүние көп. Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында әкімдік жүйе мен мәслихаттар құрылды. Білім мен спортта да ауыз толтырып айтарлық жетістік аз емес.

Республика көлемінде де тағдыршешті шешімдер қабылданды. Мемлекеттік рәміздер бекітіліп, шекара шегенделді. Күштік құрылымдар қайта құрылды. Ел астанасы Алатаудан Арқаға көшірілді.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

Басы 1-бетте

РЕВАКЦИНАЦИЯ
22 ҚАРАШАДАН БАСТАЛАДЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова 22 қарашадан бастап ревакцинация басталатынын мәлімдеді.



– Облыс көлемінде бүгінгі күнге дейін коронавирус індетін жұқтырған 19170 жағдай тіркелді. Ауруға шалдыққандардың 70 пайызы клиникалық белгілерімен анықталған. Дегенмен соңғы екі айда КВИ аурушаңдық деңгейі төмендеп келеді. Атап айтқанда, қыркүйек айында 1125 жағдай анықталса, қазан айында 949 жағдай, ал қараша айының 15 күнінде 319 дерек тіркелді.

Айта кететін жайт, ҚР бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің №49 қаулысына сәйкес, 22 қарашадан бастап КВИ-ге қарсы ревакцинациялау басталады. Бірінші кезекте медицина қызметкерлері, педагогтар, күш құрылымдарының қызметкерлері және 60 жастан асқан адамдар ревакцинациялаудан өтетін болады, – деді Әлия Мүтәліпқызы.

Бұдан бөлек аймақта Pfizer вакцинасын егу басталды. 15 қарашада Қызылордадағы медициналық колледждің 70 студентіне ата-аналарының келісімімен «Pfizer» вакцинасы салынған. Бұл вакцинаның бүгінде 23400 дозасы өңірге жеткізілді. Талаптарға сәйкес 2 мұздатқыш камера сатып алынса, жақын арада тағы 10 камера мен 20 термоконтейнер жеткізілетін болады. Барлығы 97 мың доза жеткізу көзделіп отыр.

Бүгінгі күні вакцинациялауға жататын облыс тұрғындарының 86,2% вакцинаның бірінші компонентін алса, 72,5%-ы екінші компонентін алды. Жыл басынан бері егу кабинеттерінің саны 34-тен 106-ға дейін артқан.

БРИФИНГ

Қалада жыл басынан бері әртүрлі сипаттағы 165 өрт оқиғасы болған. Оның ішінде тұрғын үйлерде 114 өрт оқиға тіркелген. Көмірқышқыл газына улану фактісі бойынша 3 жағдай, табиғи газға улану фактісі бойынша 1 жағдай орын алған.

ӨРТ НЕДЕН ШЫҒАДЫ?

Бұл туралы қалалық төтенше жағдайлар басқармасының бастығы Жасұлан Түйменов баспасөз орталығында өткен брифингте мәлімдеді.

Басқарма бастығының айтуынша, мұндай жағдайларға көбіне тұрғындардың қауіпсіздік талаптарын орындамай, жабдықтардың орнатылуына салғырт қарауы себеп болып жатады. Мәселен, тұрмыстық пештердің техникалық жағдайына мән бермеу, электр сымдардың дұрыс жалғанбауы мен ескіруі, балаларды қараусыз қалдыру және пештің түтін шығу жолдарын тазаламау өрт оқиғаларына әкеп соқтыруда.

Қазіргі таңда газдан келетін оқыс жағдайлардың алдын алу мақсатында мейрамханалар мен тамақтану орындарында рейдтік шаралар ұйымдастырылуда.

Өткен жылы әлеуметтік тәуекел топтарына кіретін отбасылардың тұрғын үйлеріне көмірқышқыл газын анықтайтын 330 қондырғы орнатылса, биыл 350 отбасыға газ анықтағыш қондырғы орнатылмақ.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚҰЖАТСЫЗ ТАРИХ ЖОҚ

Тәуелсіз ел болған 30 жыл ішінде қол жеткен жетістіктер аз емес. Бұл әр саладан байқалады.

Белесті жылдар бедерінде архив саласында біршама өзгерістерімен ерекшеленеді. 1991 жылғы 28 қыркүйекте облыстық атқару комитеті халық депутаттар кеңесінің шешімімен облыс мемлекеттік архиві құрамына қоғамдық ұйымдар кірді. 1992 жылғы 22 шілдеден бастап облыстық партия мұрағаты Қызылорда облысының мемлекеттік мұрағаты филиалы болып атауы өзгертілді.Облыстық мемлекеттік мұрағатының филиалы Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 27 тамыздағы №690 қаулысымен «Қызылорда облысының мұрағаттар мен құжаттама басқармасының «Қызылорда облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып құрылды. 2015 жылдың сәуір айынан Қызылорда облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының «Қызылорда облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік мұрағаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта өзгертілді. Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылдың 6 желтоқсандағы №1277 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалы болып қайта өзгертілді.

Архив – ең құнды құжаттарды сақтайды. Бұл құжаттардың әрқайсысы тарихтың бір бөлігі. Ұлттық архив қоры құжаттарын жинақтап сақтау, есебін жүргізу, ғылыми-техникалық өңдеумен қатар, оларды пайдаланумен де айналысады. Мемлекеттік атаулы күнтізбесіне байланысты қоғамдық-әлеуметтік іс-шараларға белсенді үлесін қосып, әр-түрлі іс-шаралар ұйымдастырады (кездесулер, дөңгелек үстелдер, көрмелер, т.б.). Архивте 1105 қорлар мен 179 мыңнан астам сақтау бірлігі сақталады. Облыстың тарихын бейнелейтін барлығы 1861 фотоқұжаттар жинақталған. Архив қоймаларында тек басқару құжаттары ғана емес, жеке тектік құжаттар да бар Бұл жыл сайын толықтырылып отырады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы, «Архив 2025» бағдарламасы Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттарының сақталуын қамтамасыз етуге жағдай жасауға бағытталған. Мемлекеттік және ведомстволық архивтерде сақтауда, ҚР ҰАА отандық және шетелдік архивтардан, мұражайлардан, кітапханалардан және ғылыми орталықтардан Қазақстан тарихы бойынша жаңа құжаттамалық дереккөздермен толықтырылады. Олардың ғылыми айналымға енгізілуі, ақпарат пен интеллектуалдық ресурстардың қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету, цифрлық өркениет, халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуді мақсат тұтқан.

«Құжатсыз тарих жоқ, өткенсіз бүгін жоқ, бүгінсіз ертең жоқ», - деген нақыл сөз қағаз нұсқадағы тарихи құжаттардың аса мол қорын сақтап отырған архивтердің мәні мен маңызын дәл көрсетеді. Бүгінде қағаз нұсқадағы архив құжаттарын электронды архивке енгізу жұмыстары жүргізілуде. Келешекте халық мүддесі үшін электронды қызмет көрсету саласы тиімді әрі қолжетімді болмақ.

2011 жылдан бастап Қызылорда облысының қоғамдық-саяси тарихының мемлекеттік архиві «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес АҚ-ның Қызылорда облысы бойынша филиал – «Халыққа қызмет көрсету орталығы» және Электронды Үкімет порталы арқылы архивтік анықтамаларды, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер берілсе, биылғы жылдан бастап «Құжаттардың бірыңғай электрондық архиві» ақпараттық жүйесі іске қосылды.

А.ҰЗАҚБАЕВА,
«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің
қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалының
I санатты архивисі

БАЙҚАУ

«ЖАСАЙ БЕР, ҚАЗАҚ ЕЛІ!»

Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында еліміздің еңбек сіңірген қайраткері, ақын, әнші, композитор Елена Әбдіхалықованың әндерін орындаудан «Жасай бер, Қазақ елі!» атты республикалық әншілер байқауы өтті.

Шараның ашылуында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов сөз алып, талапкерлерге сәттілік тіледі.

– Бұл сайыстың маңызы жоғары деп атауға толық негіз бар. Қазақ өнерінің жарық жұлдызы Елена Мәжиткызы Сыр өңірінің ғана емес күллі қазақ даласының дарабозы деуге болады. Оның кең дауысты талант екенін бүгінде мұқым ел мойындайды. Таланттарымызды ардақтап жатсақ, ол – ең бірінші тәуелсіздігіміздің жемісі. Осындай іс шаралар жыл соңына дейін жалғасады, – деді басқарма басшысы.

Республикалық ән бәйгесіне Нұр-Сұлтан, Алматы қалалары мен Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Қызылорда облыстарынан он екі жас әнші қатысты.

Байқау қорытындысы бойынша бас жүлде Нұр-Сұлтан қаласынан қатысқан Хайролда Мұратбекке табыс етілді. Жүлделі бірінші орын Атырау облысының өкілі Айбар Ғаниұлына лайық деп танылды. Екінші орын Ақтөбелік Нұртас Омаровқа бұйырса, үшінші орындарды Арайлым Маханбетжанова (Қызылорда), Айда Байгелова (Маңғыстау) және «Saz Men» триосы (Алматы) иеленді.

– Туған жер қашанда қымбат. Өнердің ақбоз үйі саналған Сыр өңірі әр келген сайын ерекше шабыт сыйлап, рухани қанаттандырып отырады. Байқауға кәсіби әншілер қатысты. Әндерімді менен де асырып орындады. Соған көңілім толды. Тебірендім, толқыдым. Барша жерлестеріме алғыс айтамын, – деді Елена Әбдіхалықова өңірлік комуникация орталығында өткен брифингте.

М.ЖӨКЕБАЙ

ЖАРЫҚ БІР КҮННІҢ МӘСЕЛЕСІ ЕМЕС

Электр энергиясының тапшылығын туындатқан ши майнерлерден шығып отыр. Оқырмандар есінде болар, бұған дейін «Ақмешіт апталығы» газетінде «Майнинг: майшелпек пе, машақат па?» деген мақала жариялаған едік. Мақалада қытайдан үдере көшкен майнингтік компаниялар электр энергиясының жұты екенін мамандар пікірімен дәйектеген едік. Сарапшылар пікірі қыс басталмай жатып дәлделденді.

Жарық жетіспеушілігі туындаған соң Энергетика министрі Мағзұм Мырзағалиев майнерлерді ашық диалогқа шақырды. Министр бұл туралы берген сұхбатында: «Блокчейн индустриясының жоғары әлеуетін ескере отырып, оны одан әрі дамыту үшін күш-жігерді біріктіру қажет. Мен диалогқа әзірмін, сондықтан біртұтас электр энергетикалық жүйенің сенімділігін қамтамасыз ету үшін «ақ» майнерлерді шешімдерді бірлесіп іздеуге шақырамын» деді. Айта кетелік, бүгінде елде майнерлердің өзі «ақ» және «сұр» болып бөлінеді. Ақ майнерлер барлық заңдылықты сақтап, құжаты заңды майнингтік компаниялар иесі болса, «сұр» майнерлер – жасырын майнинг өндірушілер. Мәселе осы «сұр» майнерлерде болып отыр. Энергетика министрлігінің хабарлауынша, заңсыз жұмыс істеп жатқан майнерлер энергияның жетіспеушілігін туындатып отыр. Қалай айтқанда да бүгінде энергия жетіспеушілігі мәселесі өзекті күйінде қалып отыр.

Дүниежүзілік энергетика апталығында баяндама жасаған «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы А.Сәтқалиев елдегі халық санының күрт өсуі, өнеркәсіптерді автоматтандыру, электрмен қамту үдерістері дүние жүзінде электр қуатының тапшылығына әкелгенін айтады. «Самұрық-Қазына» қоры басшылығының пікірінше, энерготапшылық проблемасын шешу үшін еліміздің энергетика саласын түбегейлі жаңарту қажет. Сонымен қатар электр қуаты мен газдың бағасын нарық қағидаттарына сәйкес реттеп, әділ түрде қалыптастыру қажет.

Бүгінде бұл тақырып жиі талқылануда. Осыған орай қарашаның 11-і күні «KEGOC» АҚ тарапынан электр энергиясының бүгінгі жайы, энергия жетіспеушілігінің себебін жазды:

«2021 жылғы 10 қарашадағы кешкі максимумдағы жай-күй бойынша Қазақстан Республикасында тұтыну 14 838 МВт-ты, генерация 14 265 МВт-ты құрады.

573 МВт көлеміндегі қуат тапшылығы Ресей Федерациясының энергия жүйесінен келетін ағындармен жабылды. Олардың ішінде 10 МВт – қазақстандық тұтынушылар үшін электр энергиясын жеткізу, 563 МВт – ҚР тұтынушыларының белгіленген диспетчерлік графиктен ауытқуынан туындаған жүйеаралық ағындар.

Жылдың басынан бастап көмір электр станцияларында электр энергиясын өндіру 66,9 млрд кВтсағ-ты құрады, бұл бүкіл өндіру көлемінің 69%-ын құрайды. Газ электр станциялары 18,9 млрд кВтсағ немесе 19,5% электр энергиясын, гидроэлектр станциялар 7,4 млрд кВтсағ немесе 8% электр энергиясын, ЖЭК 3,6 млрд кВтсағ (шамамен 3,5%) электр энергиясын өндірді. Бұл ретте жөндеу мерзімі 2021 жылғы 27 қарашада аяқталатын Екібастұз МАЭС-2-дегі қуаты 500 МВт-тық № 2 энергетикалық блок (норматив бойынша жыл сайынғы жұмыс 6 570 сағат болғанда, жөндеуге шығарылмастан 12 304 сағат жұмыс істеді), жөндеу мерзімі 2021 жылғы 11 қарашада аяқталатын Екібастұз МАЭС-1-дегі қуаты 500 МВт-тық № 7 энергетикалық блок (норматив бойынша жыл сайынғы жұмыс 6 570 сағат болғанда, жөндеуге шығарылмастан 25 968 сағат жұмыс істеді) жоспарлы жөндеуде тұр. «ЕЭК» АҚ электр станциясында № 4 блок жоспарлы жөндеуден өтуде». Жоғарыда көрсетілген генерациялайтын жабдықты іске қосу Қазақстан Республикасындағы тұтынушылардың қажеттіліктері үшін электр энергиясын өндірудегі мүмкіндіктерді арттырады. 8 қараша күні судың жеткілікті деңгейі жиналғаннан кейін қуаты 300 МВт-тық Мойнақ гидроэлектр станциясы іске қосылды.

Бұл ретте, кейбір өңірлік ЖЭО-ны қоса есептегенде, бүгінгі күнге Қазақстан бойынша жалпы алғанда қуаты 1150 МВт-тық генерациялайтын құрылғылар авариялық жөндеуде тұрғанын атап өту керек.

Биыл қараша айының басынан бастап өңірлерде орын алған шектеулер бойынша, бұл жағдайлардың «Шығысэнерготрейд» ЖШС, «Севказэнерго» АҚ, «Астанаэнергосбыт» ЖШС, «Энергопоток» ЖШС сияқты және т.б. өңірлік электр желілік компаниялардың желілеріне тікелей қосылған энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен тұтынушылардың электр энергиясын келісім шартта көрсетілген мөлшерден артық тұтынуына байланысты туындағанын хабарлаймыз. Сонымен қатар аталған жағдайдың туындауына бірқатар энергиямен жабдықтайтын ұйымдар мен тұтынушы-кәсіпорындардың Жамбыл МАЭС-тан электр энергиясын уақытылы сатып алмауы да себеп болып отыр.

Келісілмеген ағындарды шектеу мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметімен бірлесе жүйелі шаралар, соның ішінде Жамбыл МАЭС-тағы қосымша блоктарды отынмен қамтамасыз ету және оларды іске қосу бойынша шаралар іске асырылуда. Атап айтқанда 11 қарашада Жамбыл МАЭС-та қуаты 200 МВт-тық қосымша энергетикалық блок іске қосылды. Қазіргі уақытта Жамбыл МАЭС-та 3 блок жұмыс істеп тұр».

РЕСЕЙДЕН САТЫП АЛАМЫЗ

Бұл ақпарат та электр энергиясы айналасында жиі талқыланып жатқан мәселенің бірі. Электр энергиясын Ресейден импорттау жарық бағасына әсер ететіні анық. Дәл қазір тариф туралы айтылмағанмен, Ресейден электр энергиясын импорттау жұмысы жүріп жатқанын ««KEGOC» АҚ өз хабарламасында былай деп жазады:

«Тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін РФ-дан электр энергиясын импорттау бойынша да тиісті жұмыстар жүргізілді. ҚР Үкіметімен бірлесе отырып, Қазақстанның энергиямен жабдықтаушы ұйымдарының РФ-дан импортталатын электр энергиясының сауда-саттығына қатысуы үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасуда.

Заңнама талаптарына сәйкес жұмыс жасайтын майнинг-фермалар өз қызметін еліміздің энергетикалық қауіпсіздігіне зиян тигізбеу мақсатында, отандық өндірушілердің электр энергиясымен қатар, импортталған электр қуатын да сатып алуы тиіс.

Осы орайда, «көлеңкедегі», яғни ресми тіркелмеген майнерлерді анықтау мақсатында цифрлық майнингті жүзеге асыратын субъектілерге қойылатын талаптарды белгілеу үшін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру қажет екендігін де атап айтқымыз келеді.

Біздің бағалауымыз бойынша ресми тіркелген майнерлердің жиынтық тұтыну қуаты шамамен 600 МВт-ты құраса, ал тіркелмеген майнерлердің тұтыну қуаты 300-400 МВт-ты құрайды.

Алдағы күзгі-қысқы маусымда еліміздің біртұтас электр энергетикасы жүйесінде жүктеме максимумы 17 000 МВт деңгейінде болжанып, ал ішкі генерация мөлшері 16 540 МВт-ты құрайды деп күтілуде. Генерацияның 540 МВт жеткіліксіз көлемі РФ-дан импортталатын болады».

P.S. Электр энергиясының жетіспеушілігі бір күннің мәселесі емес. Тіпті бір аймақтың, бір елдің ғана емес, әлемдік проблема. Бұл тақырыпқа тағы да қайта ораламыз.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте

КЕҢЕСТІҢ КӘСІБІ

Халық үшін қараша мен желтоқсан айлары – соғым сойып, май қосылған ет жейтін кез. Түйе, жылқы секілді ірі қараның шетінен жығылып, қасапшының пышағына ілінетіні осы шақ. Біз қасапшы Кеңес Сапарбаевпен әңгіме-дүкен құрып, малды дұрыс союдың жолдарын сұрадық.

Кейіпкеріміз мал союды 12 жасында бастаған. Марқұм әжесі қасына ертіп жүріп, қасапшылықтың қыр-сырын үйреткен. Алғашқыда жіліктеудің өзін білмеген ол тек малды бауыздап, терісін алумен айналысқан. Кейін барлығын тәжірибе жинау арқылы меңгеріп, ауыл-аймаққа белгілі қасапшы атанады.

Қасапшы мал соярда көп нәрсеге зер салу керек екенін айтады. Яғни көзге түскен малды соя салмай, оның ауру-сырқаудан аман екеніне көз жеткізу қажет. Барынша етті, семізін таңдап алу да маңызды. Өйткені арық малдың еті татымайды. Оның үстіне әрқайсысының сойылатын уақыты бар. Мысалы, көктем мен жаз айларында майда жандық деп атап жүрген қой, ешкі сойылады. Күзден бастап бордақыда тұрған ірі қара сиыр мен жылқылар жығыла бастайды. Ал қазіргідей қар түскен шақта түйелер де сойылады. Бұдан бөлек қартайған, қыстан шыға алмайды-ау деген малдың асқатыққа сойылатыны белгілі.

– Малдың сойылу әдісі көпшілікке таныс деп ойлаймын. Алайда мал сою барысында жасалатын алғышарттарды мән беріп, дұрыстап орындау керек. Ең бірінші, мал сойылатын жердің барынша таза болуы, екінші, тізе бойындай қылып қан ағызуға шұңқыр қазылуы, үшінші, құбылаға қаратып сою секілді заңдылықтар сақталу қажет. Пышақтың өткірлігі – басты назарда. Мұнымен қоса малды ұрмай-соқпай апару, пышақты да малға көрсетпей қайрау, бауыздағанда өңеш пен кеңірдекті арасына уақыт салмай қатар кесу секілді дүниелерді естен шығармаған жөн. Мен көп жерде байқайтын бір қателік бар. Малдың қаны толық ағып бітпейінше жұлынын үзіп жібереді. Негізінде бұлай істеуге болмайды. Кез келген мал шариғат жолымен дұрыстап бауыздалу керек. Ал енді одан кейінгі ешқандай қыл жібермей сою, теріде ет қалмауын қадағалауды барлығы білетін шығар, – дейді ол.

Айтпақшы, мал сойғанда кететін уақыт ондағы адам күшіне байланысты екен. Мәселен, қойды жалғыз адам бір сағатта, сиыр мен жылқыны екіүш адам екі сағатта соя алады. Ал түйеге 3-4 адам керек. Салмағы мен көлеміне қарай оған да үш немесе төрт сағаттай уақыт жұмсайды.

Қасапшының айтуынша, әр малдың сойылуы да әрқалай болады екен. Яғни союдың өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, қой сойғанда, оны жығып, төрт аяғын мықтап байлап, құбылаға қаратып бауыздап, терісін сыпырып алады. Бас сирағын алғаннан кейін төс етін бөлек бір ыдысқа салып қояды. Ішін жарған соң өңешін суырып, өкпе-бауыры бөлек, ішек-қарынын бөлек алып тазалап алады. Сол ішек-қарын алғаннан кейін кеңірдегі суырылып, өкпе-бауыры, жүрегі тұтастай шығарылады. Жүректің қанын ағызып, жуып алу керек. Содан соң екі бүйрегі алынып, екі жамбастың түйіскен жері ажыратылып, тік шек пен қуық ұқыппен алынуы шарт. Содан кейін сүбе қабырға сөгіледі. Артынша мойын, арқа бел омыртқалары бұзылады. Ірі қараның жайы мүлде бөлек екен.

– Майда жандықты сою оңай. Ал ірі қараға біраз күш жұмсауың қажет. Мәселен, түйені сойғанда, терісін арқасынан бастап, іреп соясың. Мойыны ұзын болғандықтан оны екі жерден бауыздайды. Мойын терісі көбіне бөлек алынады. Түйенің алдымен өркеші, сосын аяқтары алынады, қалған жағы сиырдікіндей бұзылады. Осында ескере кететін бір жайт бар. Малды сойғанда мүшелеп пышақпен ғана сою керек. Өйткені сою барысында адам денсаулығына зиянды бездер мен тамырлар алынып тасталу қажет. Қазақ өмірінде жылқының алатын орны ерекше. Оны сою барысында да өзгешеліктер бар. Мысалы, жылқыдан бөлек малды әкеле салып, жығып алып соя беруге болады. Алайда жылқыға бап қажет. Ол терлеп немесе су ішпеген болса бауыздауға болмайды. Себебі тері басылмаса сойған кезде еттің түсі өзгеріп кетеді. Мұны арнайы қасапшылар болмаса көбі біле бермейді, – дейді Кеңес Сапарбаев.

Ақтілек БІТІМБАЙ

Басы 1-бетте

СПОРТ

ОЛЖАЛЫ ОРАЛҒАН ОҒЛАНДАР

Жуырда Түркияның Ыстамбұл қаласында каратэ-додан әлем чемпионаты өтті. Байрақты бәсекеде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері бақ сынап, жеңіс тұғырынан көрінді. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қорқыт ата атындағы Қызылорда университтетінің проректоры Жандос Базартай әлем чемпионатынан алтын жүлдемен оралған студенттерді құттықтап, жылы лебіз білдірді.

– Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде 7 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 32 ҚР спорт шебері, 33 ҚР Ұлттық құрама командасының мүшесі оқиды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған ҚР XI жазғы Универсиадасында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жалпы командалық есепте бестікке кірді. Нәтижесінде, біздің қоржынымызда 11 алтын, 10 күміс, 25 қола медаль бар. Спорттың командалық түрлері бойынша тоғызқұмалақтан – 1 орын, армрестлинг, шахмат, волейбол, шағын футболдан – 3 орын иеленді. Атап айтсақ, Әлішершәріп Қонысбек 60 кг салмақта, Дамир Камал 67кг салмақта, Бақдаулет Кубаш 76 кг салмақта, Әсемгүл Ердәулет 50 кг салмақ дәрежесінде қарсыластарынан оза шауып, Әлем чемпионатында алтын медальға ие болды. Спортшыларды тартысты додаға дайындауда жаттықтырушылары Нұрбол Тойшыбаев пен Нұржан Ақпанбеттің еңбегі зор», – деді Жандос Нұртайұлы.

Әлем чемпионатында жүлделі орындарға ие болған өрендерде бұл доданың маңыздылығына тоқталып, қолдау білдірген жерлестерге алғыстарын жеткізді.

– Әлемдік дода әрине оңай болған жоқ. Біз осы жарысқа тыңғылықты дайындалып, еліміздің абыройын асқақтатуға барымызды салдық. Осы орайда Қорқыт ата университетінің басшылығына және барлық қолдау білдірген жандарға алғысымызды білдіреміз, – деді әлем чемпионатынын жүлдегерлері.

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4424 Тапсырыс №1693

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ